

Freedom Holding Corp.

# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЯСАТЫ



|                                                                         |          |
|-------------------------------------------------------------------------|----------|
| <b>КІРІСПЕ</b>                                                          | <b>1</b> |
| <b>ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР</b>                                        | <b>2</b> |
| <b>САЯСАТТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ</b>                                | <b>4</b> |
| <b>САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУ</b>                                              | <b>5</b> |
| <b>САЯСАТТЫҢ МАҚСАТЫН<br/>ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАРЫ</b>             | <b>6</b> |
| Ресурстар мен энергияны тиімді пайдалану                                | <b>6</b> |
| Жаһандық климаттың өзгеруіне әсері                                      | <b>7</b> |
| Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу | <b>8</b> |
| Экологиялық хабардарлықты арттыру                                       | <b>9</b> |
| <b>САЯСАТ ТАЛАПТАРЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК</b>                     | <b>9</b> |
| <b>КЕРІ БАЙЛАНЫС</b>                                                    | <b>9</b> |

Freedom Holding Corp. (бұдан әрі – «Компания») - бағалы қағаздармен сауда, нарықтық операцияларды, бөлшек бағалы қағаздармен брокерлік операцияларды, инвестициялық банктік қызметтерді, андеррайтинг, коммерциялық банкинг, сақтандыруды және инвестициялық зерттеулер мен кеңес беруді қоса алғанда, қаржылық қызметтердің көптеген түрлерін көрсетуге маманданған халықаралық холдингтік компания болып табылады. Компания сондай-ақ қаржылық емес салада бірқатар жобаларды жүзеге асырады, олардың ішінде телекоммуникация, туризм, билеттерді сату, БАҚ, жарнама және цифрлық сауда алаңдары саласындағы жобалар бар.

Freedom Holding Corp. қоршаған ортаны қорғау саясаты (бұдан әрі – «Саясат») қоршаған ортаға тікелей теріс әсер етпесе де, оған өзінің бизнес-процестері арқылы жанама әсер етуі мүмкін Компанияның қызметін басқару тәсілдерін анықтайды. Бұл Саясат Компанияның және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі – «Топ») қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі принциптері мен мақсаттарын, сондай-ақ оларды іске асыру жөніндегі шараларды айқындау үшін әзірленген.

Бұл Саясат қызмет көрсетілетін өңірлерде қолданылатын табиғат қорғау заңнамасының, қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық бастамалардың, Компанияның тұрақты даму саласындағы ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес, сондай-ақ озық әлемдік тәжірибені ескере отырып әзірленді.

**Ескертпе:** Саясаттың осы мәтіні аударма болып табылады.  
Түпнұсқа нұсқасы Компанияның сайтында қолжетімді.

# ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР



|                             |                                                                                                                                                                                                          |
|-----------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Компания                    | Freedom Holding Corp.                                                                                                                                                                                    |
| Топ                         | Freedom Holding Corp. және оның еншілес ұйымдары.                                                                                                                                                        |
| Қоршаған орта               | Адамды қоршап тұрған материалдық дүние жағдайларының, заттарының және объектілерінің, оның ішінде табиғи орта мен антропогендік ортаның жиынтығы.                                                        |
| Қоршаған ортаны қорғау      | Қоршаған ортаға және экологиялық жүйелерге келтірілген зиянды алдын алуға, азайтуға, жоюға немесе қалпына келтіруге бағытталған тәжірибелер мен процедуралар.                                            |
| Тұрақты даму                | Қазіргі ұрпақ қажеттіліктерін қанағаттандыра отыра болашақ ұрпақтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілеттілігіне қауіп төндірмейтін даму жолы.                                                      |
| Парниктік газдар            | Жер бетінен шығатын инфрақызыл сәулеленуді сіңіріп, оны жер бетіне қайтаратын, сол арқылы парниктік әсерге ықпал ететін кез келген газдар, олардың негізгілері көмірқышқыл газы, азот оксиді және метан. |
| ESG                         | Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару.                                                                                                                                                      |
| Қызмет көрсетілетін өңірлер | Топ өз қызметін жүргізетін географиялық аймақтар.                                                                                                                                                        |

|                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                      |
|------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мүдделі тарап                                              | Компанияның және оның еншілес ұйымдарында мүддесі бар және олардың қызметіне ықпал ететін және ықпал етуі мүмкін тарап.                                                                                                                              |
| Еншілес ұйым                                               | Тікелей немесе жанама түрде бір немесе бірнеше делдалдар арқылы бас Компания басқаратын тәуелді ұйым.                                                                                                                                                |
| Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шарты (БҰҰ ЖШ)           | Компания бизнес көшбасшыларының тұрақты даму принциптерін енгізу және БҰҰ мақсаттарын қолдау шараларын қабылдау жөніндегі міндеттемелеріне негізделген ерікті бастама.                                                                               |
| Greenhouse Gas (GHG) Protocol                              | Парниктік газдар (ПГ) шығарындыларын өлшеу және басқару тәсілдерін стандарттауға арналған жаһандық бастама.                                                                                                                                          |
| Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттары (БҰҰ ООН) | 2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы әзірлеген және барлығына жақсы әрі тұрақты болашаққа қол жеткізуді көздейтін 17 өзара байланысты мақсаттар жиынтығы. Бас Ассамблея 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Тұрақты дамудың 17 жаһандық мақсатын қабылдады. |

# САЯСАТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ



Осы Саясаттың мақсаты Компанияның қоршаған ортаға теріс әсерін болдырмау және азайту болып табылады. Бұл Саясат Компанияның экологиялық әсерін келесі бағыттар бойынша реттейді: табиғи ресурстар мен энергияны тиімді пайдалану, қалдықтарды басқару, климаттың өзгеруіне әсер етуді басқару, мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу және қызметкерлер арасында экологиялық хабардарлықты арттыру.

## Компанияның қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі принциптері:

- Мүмкін болатын зиян туралы ғылыми дәлелдер әлі толық расталмаған болса да, қоршаған ортаны қорғау үшін алдын алу шараларын қолдануды ұсынатын сақтық принципі<sup>1</sup>.
- Қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық шарттар бар және ратификацияланған аймақтардың ұлттық заңнамасының талаптарын сақтау.
- Топтың қоршаған ортаға теріс әсерін болдырмау және азайту үшін ашық есеп беру, кеңес беру және серіктестік арқылы мүдделі тараптардың қатысуын құру.
- Экологиялық білім беруді насихаттау және қызметкерлер арасында қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығы туралы хабардарлығын арттыру.
- «Freedom Шапағат» Корпоративтік Қорының қызметі арқылы Топ ішіндегі экологиялық бастамаларды және сыртқы экологиялық жобаларды қолдау және жүзеге асыру.
- БҰҰ-ның қоршаған ортаны қорғау саласындағы Жаһандық шартының принципі<sup>2</sup> және климаттың өзгеруімен күресуге бағытталған БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына<sup>3</sup> қол жеткізуге ұмтылу.

<sup>1</sup> Рио-де-Жанейроның қоршаған орта және даму жөніндегі Декларациясының 15-принципіне сәйкес (1992 жыл).

<sup>2</sup> БҰҰ Жаһандық шартының он қағидаты: <https://www.unglobalcompact.org/what-is-gc/mission/principles>

<sup>3</sup> Тұрақты дамудың 13-мақсаты: Климаттық әрекет: <https://www.un.org/sustainabledevelopment/climate-change/>

Freedom Holding Corp.-та қоршаған ортаға әсерді басқару тұрақты даму және ESG аспектілерін басқару жүйесінің бір бөлігі болып табылады және Компанияның қызметіне жалпы басшылық жасау шеңберінде жүзеге асырылады. Компания басшылығы осы Саясаттың қағидаттарын сақтауға міндеттенеді және өз қызметінің осы Саясаттың мақсаттарына сәйкес болуына қамтамасыз етеді. Топтың тиісті құрылымдық бөлімшілерінің басшылары осы Саясатта белгіленген қоршаған ортаны қорғау саласындағы мақсаттар мен қағидаттардың уақтылы іске асырылуына, сондай-ақ қызмет көрсетілетін өңірлерде қолданылатын экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге жауапты. Компания барлық іскер серіктестерінен де осы Саясаттың қағидаттары мен мақсаттарын бірдей ұстануды күтеді.

Осы Саясаттың орындалуын бақылау үшін Компания мүмкіндігінше ішкі аудиттер жүргізеді және қоршаған ортаға әсерді басқару туралы ақпаратты өзінің тұрақты ESG (қаржылық емес) есебінде ашады.

Осы Саясат және оның кейінгі жаңартулары Freedom Holding Corp. Компаниясының веб-сайтында ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде жарияланады. Барлық қызметкерлер осы Саясат бар екендігі туралы хабардар болып, оның қайда орналастырылғанын білуі керек. Саясаттың өзектілігі және қолданыстағы стандарттар мен тәжірибелерге сәйкестігі Компания тұрақты даму жөніндегі бас директорымен қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде үш жылда бір рет қайта қаралып отырады. Саясатты қайта қарау туралы ақпарат Компанияның жылдық қаржылық емес есебінде көрсетілетін болады.

# САЯСАТТЫҢ МАҚСАТЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАРЫ



## ● Ресурстар мен энергияны тиімді пайдалану

Компания және оның еншілес ұйымдары ресурстарды тиімді басқарудың және қоршаған ортаға әсерді азайтудың маңыздылығын мойындайды. Топ энергия тиімділігін арттыру, қалдықтарды басқару және суды ұтымды пайдалану үшін тұрақты тәжірибелерді енгізуге ұмтылады.

**Осыған байланысты Компания келесі шараларды қолдануға ұмтылады:**

**01**

Ашықтықты арттыру және ресурстарды пайдалануды оңтайландыру мүмкіндіктерін анықтау мақсатында энергия, отын, су тұтыну және қалдықтар өндірісі бойынша деректерді есепке алу және мониторинг жүргізу жүйесін құру.

**02**

Хабардарлықты арттыру және ресурстарды тұтынуды азайту шараларын енгізу арқылы қызметкерлер арасында энергия мен суды үнемдеу тәжірибесін ынталандыру.

**03**

Жылжымайтын мүлікті сатып алу немесе жалға алу кезінде энергияны үнемдейтін ғимараттарға басымдық беріліп, энергия тиімділігі класстарының ескерілуін қамтамасыз ету.

**04**

Еншілес ұйымдардың кеңселерінде қағаз және электрондық қалдықтарды жинау жүйесін құру, содан кейін оларды мүмкіндігінше сенімді қызмет көрсетушілер арқылы қайта өңдеуге немесе қайта пайдалануға беру.

**05**

Қағаз қалдықтарын азайту мақсатында электрондық құжат айналымы жүйесін үнемі дамыту және жетілдіру.

# Жаһандық климаттың өзгеруіне әсері



Компания климаттың өзгеруімен күрестің маңыздылығын, сондай-ақ оның бизнеске, қоғамға және қоршаған ортаға әсерін толық түсінеді. Парниктік газдар шығарындыларын азайту және климаттың өзгеруіне бейімделу бойынша жаһандық күш-жігер аясында өз рөлін мойындай отырып, Компания көміртегі ізін барынша азайтуға және тұрақты дамуға ықпал етуге ұмтылып, климаттық факторларды өз қызметіне біріктіреді.

**Осыған байланысты Компания өзінің операциялық қызметінде климаттың өзгеруімен күресу бойынша келесі шараларды жүзеге асыруға ұмтылады:**

01

GHG Protocol бастама-сымен әзірленген халықаралық стандарттарға сәйкес парниктік газдар шығарындыларының мониторингі мен ашық жариялау жүйесін құру және жетілдіру.

02

Процестерді оңтайландыратын және ресурстарды пайдалануды азайтатын цифрлық технологияларды енгізу арқылы қоршаған ортаға әсерді азайтуға бағытталған өнімдерді әзірлеуге және ұсынуға ықпал ету.

03

Компанияның «Freedom Шапағат» Корпоративтік Қоры арқылы экологиялық бастамаларды, соның ішінде климаттың өзгеруімен күресуге және оның салдарына бейімделуге бағытталған жобаларды қолдау.

# ● Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу

Компания қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша мүдделі тараптардың тиімді қатысуының маңыздылығын мойындайды. Компанияның мүдделі тараптарына акционерлер, капитал жеткізушілері, қор биржалары, үкіметтер, жеткізушілер, үкіметтік емес ұйымдар, қызметкерлер, клиенттер, БАҚ және рейтингтік агенттіктер жатады.

## Осыған байланысты Компания келесі принциптерді ұстануға және тиісті шараларды қолдануға ұмтылады:

- 01** Халықаралық стандарттарға сәйкес Топтың қоршаған ортаны қорғау қызметі туралы мәліметтерді және қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға бағытталған экологиялық бастамалардың нәтижелерін қамтитын Тұрақты даму есебінің жыл сайынғы жариялануы.
- 02** Негізделген шешімдерді қолдау және мүдделі тараптармен конструктивті өзара әрекеттесуді жеңілдету үшін қоршаған ортаны қорғау немесе басқа заңдар мен ережелер талап ететін, қоршаған орта туралы деректерді уақтылы және ашық түрде ашу.
- 03** Қызмет көрсетілетін өңірлерде қолданылатын экологиялық заңнамада көзделген жағдайларда, Компания қоршаған ортаға ықтимал теріс әсер ететін жобаларды жоспарлау кезінде ашықтықты қамтамасыз ету және қоғамдық пікірді ескеру үшін қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты мүдделі тараптармен қоғамдық тыңдаулар мен консультациялар өткізуге міндеттенеді.

## Экологиялық хабардарлықты арттыру



Компания экологиялық хабардарлықты арттыруға және өз қызметкерлері арасында тұрақты тәжірибені насихаттауға бағытталған. Осыған байланысты ESG басқармасы экологиялық сауаттылықты және қоршаған ортаға әсер ету және оларды азайту шаралары туралы хабардарлықты арттыру мақсатында Топ қызметкерлері үшін мерзімді тренингтер мен семинарлар өткізуге міндеттенеді.

## САЯСАТ ТАЛАПТАРЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Freedom Holding Corp.-тың еншілес ұйымдарының қызметінің әртүрлі сипатына және қолданыстағы заңнаманың сараланған стандарттарына байланысты осы Саясатты сақтамағаны үшін жауапкершілік еншілес ұйымдардың ережелері мен процедуралары, сондай-ақ жергілікті нормативтік актілермен және құқықтық сипаттағы құқықтық актілермен айқындалады.

## КЕРІ БАЙЛАНЫС

Компания мүдделі тараптардың кез келген сұрағына жауап беруге дайын. Осы Саясаттың мазмұнына, қолданылуына немесе оны жетілдіруге қатысты ұсыныстарға байланысты сұрауларды [esg@frhc.group](mailto:esg@frhc.group) электрондық пошта мекенжайына жіберілуі қажет. Сонымен қатар, алаңдаушылықтар мен ұсыныстарды Компанияның **Комплаенс сенім жедел желісі** арқылы жіберуге болады.